

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазылған сөз тіркесі

- A) Жаттағанын қайтара айту.
- B) Сарауыз балапан.
- C) Көп пала орналасты.
- D) Көрікпайдың әңгімесі.

2. Сөз ішіндегі кейінді ықпал

- A) әшекей
- B) сөзсіз
- C) көзілдірік
- D) мектеп

3. Ауыспалы мағыналы сөз тіркесі

- A) Жақсылық жасасаң, жасыр.
- B) Жақсы көйлек шәйі матадан тігілер.
- C) Жақсылық жасасаң, түгелдей жаса.
- D) Жақсы сөз – жарым ырыс.

4. Көп мағына бере алатын сөз

- A) көз
- B) арық
- C) сал
- D) ақ

5. Омоним сөз қатысқан сөйлем

- A) Адамға саусағыңды шошайтпа.
- B) Әжем жіпті иненің көзінен әрең өткізді.
- C) Ол егінін арықтан суарады екен.
- D) Әдепті бала – арлы бала.

6. Омоним сөз бола алатын нұсқа

- A) көз
- B) бет
- C) құрт
- D) сырға

7. Қыздың сипатын білдіретін тұрақты сөз тіркесі қатысқан сөйлем

- A) Аққудың мамығындай үлпілдек алғашқы қар да жауды.
- B) Жануардың баланың көзіндей мөлдіреген жанарына көзі түсті.
- C) Үріп ауызға салғандай бойжеткен алдынан шықты.
- D) Есінде ме, аждаһадай боранның аранын бізге ашқаны?

8. Төрт түлік малға қатысты мақал-мәтел

- A) Ат – құлыннан, батыр – баладан.
- B) Ауру қалса да, әдет қалмайды.
- C) Ер – елінде, гүл – жерінде.
- D) Аңшы қартайса, қақпан салады.

9. Дерексіз зат есім қатысқан сөйлем

- A) Атамның жүрегі қуанышқа толды.
- B) Әжемнің қолынан қымыз іштім.
- C) Мектеп кітаптарын ұқыпты ұста.
- D) Анамның алқасы әдемі екен.

10. Зат есім орнына қолданылып тұрған сын есім

- A) Жетістіктің кілті – білімде.
- B) Ақыл айту оңай, әрекет ету қиын.
- C) Табыскер адам еңбегіне сенеді.
- D) Білімдінің күні жарық.

11. Зат есімнің орнына қолданылған жинақтық сан есім

- A) Біреу алдына келіп тұра қалды.
- B) Екеуі де жұмыстан шаршап шыққан еді.
- C) Олар жолға төртеу болып шықты.
- D) Жігіттер екеу-екеуден ортаға шықты.

12. Болымсыздық есімдігі қатысқан сөйлем

- A) Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген.
- B) Жүрегінің түбінде ешкімге айтылмаған сыры бар.
- C) Бұлар Ташкент, Түркістанның мешіттерінде оқымаған.
- D) Адамдардың қандай екенін ажыратушы мен емеспін.

13. Сабақты етістік қатысқан сөйлем

- A) Сауысқанның тамағы шоқуменен табылар.
- B) Бақ ауысады, ырыс жұғады.
- C) Жатқа сырыңды айтпа, түбіңе жетер.
- D) Тілімнен дәмі әлі кетер емес.

14. Жедел өткен шақтағы етістік қатысқан сөйлем

- A) Туған халқының кемел болашағын аңсаған.
- B) Арал ғаламшардың ең үлкен теңізі болды.
- C) Ол еш уақытта қарсыласпайды.
- D) Сұрапыл заманда есеңгіреген елге ес кіргізіпті.

15. Мақсат үстеулі нұсқа

- A) бүрсігүні, кеше, биыл
- B) әдейі, жорта, қасақана
- C) тысқары, артқа, осында
- D) нағыз, орасан, аса

16. Тыйым салу мағынасында қолданылған одағайлы сөйлем

- A) Жә, қой деймін, бала!
- B) О, сұмдық-ай, түпсіз тұңғиық.
- C) Ойбай, ол Жоламанның дүмпуі ғой.
- D) Ойпырм-ай, мынау не деп отыр өзі?

17. Жалғаулық шылау қатысқан сөйлем

- A) Сенің бұрын қалаға барып көргенің бар ма?
- B) Бүгін жауап беріп отырған бес-ақ бала екен.
- C) Біздің үйде гүлді де, бау-бақшаны да балалар суарады.
- D) Балалар мектепке дейін шана жегілген арбаға мініп барады.

18. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері

- A) жетістікке жетті, үйін салды
- B) қораның есігі, алыс сапар
- C) көрінген тау, бүгін көңілді
- D) электр жарығы, тіршілік иелері

19. Жанаса байланысқан етістікті сөз тіркесі қатысқан сөйлем

- A) Байқоңырдың бүгінгі жағдайы.
- B) Бүгін қар жапалақтап жауды.
- C) Мен – мұғалім.
- D) Мөлдір таза ауа.

20. Бірыңғай мүшелері бар сөйлем

- A) Қазақстан – табиғи байлықтың бай қоры.
- B) Еліміздің өзендері мен суларын қорғау керек.
- C) Тіршіліктің қайнар көздерін дұрыс пайдалан.
- D) Еліңнің көрікті жерлеріне саяхатта.

21. Бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем

- A) Отпен ойнама! Өз орныңды біл!
- B) Әр баланың өз құқығы бар.
- C) Әркім өз ойын анық айта алады.
- D) Пах шіркін, жануарымның шабысын-ай!

22. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

- A) Айтарым көп, бірақ дұрыс жеткізе алмадым
- B) Аңқаулығым ғой, солардың тұзағына ілініппін
- C) Жаһандану – күрделі әрі ғаламдық үдеріс
- D) Жоламан іштей сезіп келеді: ұры жау жағында

23. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

- A) Шындық қанша ащы болса да, қабылдау керек.
- B) Елдің сөзіне қаламын деп, досын үйіне жолатпады.
- C) Бұлар далаға шығысымен, басқалар да кетіп қалды.
- D) Қазір гендік инженерия жақсы дамып келеді, оған қуаныштымыз.

24. Аралас құрмалас сөйлем

- A) Кілті осы қағазда болды ғой, мен қағазды ештеп ашайын деп едім, жазуы жойылып кететін болды.
- B) Әлемдік мұхитты зерттеушілердің пайымдауынша, пластмассалардың кесірінен мыңдаған кит, дельфиндер тектен-текке өледі екен.
- C) Біз осы ауылға қонған кез еді, ел жата Есбол, Еламан, Рай келді.
- D) Альфред Нобель 1868 жылы динамитке патент алады да, «динамит патшасы» атанады.

25. Абай былай деді: *«Баланың жақсысы - қызық, жаманы - күйік».*

Сөйлемдегі төл сөз бен автор сөзінің орналасу реті

- A) автор сөзі, төл сөз
- B) автор сөзі, төл сөз, автор сөзі
- C) төл сөз, автор сөзі
- D) төл сөз, автор сөзі, төл сөз

*Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.*

1. Бұрын кітап сөресін классикалық әдебиетпен толтырып қою мақсат сияқты еді. Сыйлыққа кітап сыйлау да құрмет саналатын. Қазір кейбір замандастарымыз «Ғаламтор тұрғанда үйде кітап сақтау керек емес» деп санайды. Расында солай ма?

2. Ғаламтор жүйесімен қамтылу тұрғысынан Жапония әлемдегі ең алдыңғы қатарлы ел бола тұра, бұл елдің тұрғындары электронды кітапқа аса құмар емес. Баспа ісі жақсы жолға қойылған. Кітап өндірісі жөнінен Жапония – әлемдегі алдыңғы орында тұрған ел. Баспадан шыққан кітаптардың 35 пайызы қоғамдық-саяси әдебиет болса, 30 пайызы – балалар әдебиеті.

3. R.R.Bowker-дің зерттеуіне сүйенсек, Жапония тұрғындарының 72 пайызы электронды кітапты көрмепті, болашақта да сандық үлгідегі дүниелерді оқуды жоспарламайды екен. Есесіне қағазға басылып шыққан әдеби кітаптар, әлеуметтік тақырыптағы еңбектер сұранысқа ие. Егер АҚШ -та оқырмандардың 20 пайызы электронды кітаптарды ғаламтордан алатын болса, Жапония азаматтарының тек 8 пайызы электронды жазбаларды өмірінде бір рет болса да оқығанын айтқан. Бұл – электронды кітаптардың оқылуы бойынша әлемдегі ең төменгі **көрсеткіш**. Токиодағы электронды кітаптар баспасының негізін қалаған Робин Бертлдің айтуынша, Жапония электронды кітап оқу жөнінен Батыстан артта қалып келеді. Жапондардың электронды кітаптардан гөрі қағазға басылған еңбекті қалауы қолмен ұстайтын нақты дүниені бағалайтын менталитеттің әсерінен болса керек. Бүгінде Жапонияның кітап дүкендерінде бар болғаны 40 мың электронды кітап бар.

26. Берілген мәтіннің стилі

- A) ғылыми
- B) публицистикалық
- C) ауызекі сөйлеу
- D) көркем әдебиет

27. Күншығыс елінде сұранысқа ие кітаптың түрі

- A) сатиралық
- B) ғылыми
- C) философиялық
- D) әдеби

28. Мәтіннің жанры

- A) сұхбат
- B) очерк
- C) эссе
- D) мақала

29. Үшінші азатжолдағы қарамен берілген сөздің синонимі

- A) нәтиже
- B) пайымдау
- C) зерттеу
- D) түйін

30. Робин Бертлдің пайымы

- A) Жапония азаматтарының тек 8 пайызы электронды жазбаларды оқиды.
- B) Кітап өндірісі жөнінен Жапония – әлемдегі алдыңғы орында тұрған ел.
- C) Сыйлыққа әдеби, ғылыми кітап сыйлау қажеттігі артты.
- D) Жапония халқы электронды кітап оқудан батыс елдерінен артта қалған.

*Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.*

31. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді сәйкестендіріңіз

А) тура		елу бес
		жай ғана
		жылы киім
		жібек мінез
В) ауыспалы		елу бес
		жай ғана
		жылы киім
		жібек мінез

32. Етістіктің осы шақ тұлғасының жасалу жолдарын сәйкестендіріңіз

А)	Ауыспалы осы шақ	Есімшеге (-атын, -етін, -йтін) жұрнағы жалғанып, жіктік жалғауы жалғанады.
		Есімшеге (-ар, -ер) жұрнағы жалғанып, жіктік жалғауы жалғанады.
		Көсемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке қалып етістіктері тіркеседі.
		Көсемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке жіктік жалғауы жалғанады.
В)	Нақ осы шақ	Есімшеге (-атын, -етін, -йтін) жұрнағы жалғанып, жіктік жалғауы жалғанады.
		Есімшеге (-ар, -ер) жұрнағы жалғанып, жіктік жалғауы жалғанады.
		Көсемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке қалып етістіктері тіркеседі.
		Көсемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке жіктік жалғауы жалғанады.



33. Сөйлемдер мен пысықтауыштың мағыналық түрлерін сәйкестендіріңіз

А)	Ол қуанғаннан қозғалмай қалды.	мөлшер пысықтауыш
		себеп пысықтауыш
		мақсат пысықтауыш
		мекен пысықтауыш
В)	Жиналыста ұзақ сөйледі.	мөлшер пысықтауыш
		себеп пысықтауыш
		мақсат пысықтауыш
		мекен пысықтауыш

34. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері мен оларға тән қатарларды сәйкестендіріңіз

А)	Мезгіл кешкіріп кетті, амалсыз қонуға тура келді.	қарсылықты салалас
		себеп-салдар салалас
		түсіндірмелі салалас
		ыңғайлас салалас
В)	Тұманның қалыңдығы сонша – түк те көрінбейді.	қарсылықты салалас
		себеп-салдар салалас
		түсіндірмелі салалас
		ыңғайлас салалас

35. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін сөйлемдермен сәйкестендіріңіз

А)	Шартты бағыныңқылы сабақтас	Ұлберген кедей болғанымен, киім-кешектерін таза ұстайтын.
		Есен далаға шықты, таң құланиектеніп атып келеді екен.
		Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі күдер үзіп қояды.
		Оның өскен ортасын білмейінше, жұмбақ қасиетін де түсінуге болмайды.
В)	Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас	Ұлберген кедей болғанымен, киім-кешектерін таза ұстайтын.
		Есен далаға шықты, таң құланиектеніп атып келеді екен.
		Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі күдер үзіп қояды.
		Оның өскен ортасын білмейінше, жұмбақ қасиетін де түсінуге болмайды.

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

36. Мөлшер үстеу(-лер)

- A) баяғыда
- B) әбден
- C) шапшаң
- D) талай
- E) мұнша
- F) осындайлық

37. Сын есімнің орнына жұмсалатын белгісіздік есімдік(-тер)

- A) барлық
- B) кейбір
- C) әрбір
- D) ешбір
- E) бүтін
- F) қайбір

38. Барыс септік тұлғасындағы сөзбен тіркескен септеулік шылауы бар сөйлем (-дер)

- A) Білгеннен де өтер, білмегеннен де өтер.
- B) Балuanның жаманы шалдырған соң өкінер.
- C) Адам болып туған соң, адам болып өлу лазым.
- D) Жеріне қарай егін ек, жолына қарай жегін жек.
- E) Мергеннің көзі ғана мерген емес, қолы да мерген.
- F) Салымды ауыз сақтағаныңды жейді.

39. Матаса байланысқан сөз тіркестері қатысқан сөйлем(-дер)

- A) Байлық түбі – ақыл һәм ұсталығы. Адам оларсыз қазынаға жарымайды.
- B) Абылайдың сыртқы саясаты ырымшылдығымен сипатталады.
- C) Ғимараттар оюланған ағаш есік-терезелермен әсемделген.
- D) Үміт пен қатер безбенге түсіп, Әбіштер ауылға жеткенше еңсере алмады.
- E) Ет асылған соң, тезек мол жағылып, от қызуы үй ішін ысыта бастады.
- F) Алғашқы бір қағысулар осымен өтіп, айтысқа тағы оралып келді.

40. Төлеу сөз(-дер)

- A) Ол күндегі әдетімен еркелей сөйлеп, өзінің келгенін хабарлады.
- B) Сайыс демеушісі қатысушыларды ынталандырып, сөз сөйледі.
- C) Балалар қуанып: «Біз әлі жеңіске жетеміз!» – деді.
- D) Ұстаз байсалды қалыпта осының бәрін оқыған-оқымағанын сұрады.
- E) Кішіпейілдің абыройы асады, тәкаппардың құты қашады.
- F) Сәт екілене сөйлеп, естігендерінің бәрі шындық екенін айтты.

**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**